

НЕЙРОУРИДИН

NEUOURIDIN

НЕЙРОУРИДИН КОМПОНЕНТТЕРІ ШЕТКЕРІ НЕРВ ТАЛШЫҚТАРЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУГЕ ЖӘНЕ НЕРВ ЖҮЙЕСІН НЫҒАЙТУҒА ЫҚПАЛ ЕТЕДІ

НЕЙРОУРИДИН – арнайы таңдалған нейротроптық заттектердің бірігуі: нерв талшықтарын қалпына келтіру, нерв өткізгіштігін жақсарту, нерв жүйесін және организмнің жалпы жағдайын нығайту үшін қажетті В тобы (В1, В6, В9, В12) дәрумендерінің, нуклеотидтің (уридинмонофосфат) және холиннің.

Өнімнің қасиеттері құрамындағы компоненттердің қасиеттеріне байланысты анықталады:

Уридинмонофосфат – нерв тініндегі алмасу үрдістерін (метаболизмді) қолдауға және нервтердің миелиндік қабықшасын түзуге қажетті маңызды нуклеотид. Нерв жасушаларына ферменттердің дұрыс жеткізілуін қолдайды, жасушалардың бөлінуін, шеткері нервтердің тіршілігі мен қалпына келуін ынталандырады. Нерв жасушаларының нуклеотидтерді түзу үшін өзіндік энергетикалық қоры жоқ, нерв жасушаларының уридинмен қамтамасыз етілуі қан ағыны арқылы басқа жасушалардан, сондай-ақ, құрамында уридин-5-монофосфат болатын тағаммен және қоспалармен іске асырылады. Уридинмонофосфаттың зақымданған нервтерді қалпына келтіруді үдетуде ерекше маңызы бар. Шеткері нервтердің зақымдануында уридин-монофосфат секілді пиримидинді нуклеотидтерге қажеттілік артады. Сондықтан, нервтердің қалпына келуі үрдістерінің барысында оның организмге сырттан түсуі маңызды.

В тобының дәрумендері нерв жүйесінің түрлі құрылымдарының қалыпты қызметін қамтамасыз ететін биохимиялық үрдістерде белсенді қатысады.

В1 дәрумені (тиамин) организмде энергия өндірілуінде негізгі роль атқарады, жасушалардың өсуі, дамуы және қызметі үшін қажет. Нерв жасушалары мембраналарының биосинтезіне қатысады. Ацетилхолиннің биосинтезі үшін қажет, нерв талшықтарында қозудың өтуі жүйесінің маңызды компоненті (нерв жасушалары мембраналарында хлоридтік ионды түтіктерді белсендіру есебінен). Нерв тіңдерін асқын тотығу өнімдерінің уытты әсерінен қорғайды. Нерв тінінің қалпына келу үрдісінде көмектеседі.

В6 дәрумені (пиридоксин) орталық және шеткері нерв жүйелерінің қалыпты қызмет етуі үшін

қажет. Нерв жасушаларының глюкозаны сіңіру үрдістерінде қатысады. Ақуыздық алмасу және амин қышқылдарының транс аминденуі үшін қажет. Бірқатар нейромедиаторлардың (допамин, норадреналин, адреналин, гистамин және GABA) синтезі мен метаболизмінде қатысады және нерв жүйесінің қалыпты жұмысын қамтамасыз етеді, ми жұмысын жақсартады. Нерв тініндегі қалпына келу үрдістерін үдетеді.

В12 дәрумені (цианокобаламин) жасушалық метаболизмде, нерв қызметінде және ДНҚ өндірілуінде маңызды роль атқарады. В12 дәрумені нейрондардың миелиндік қабықшасын сақтау және нейромедиаторлардың синтезі үшін қажет. Нерв талшықтарының миелинденуіне ықпал етеді, оның ішінде, нервтердің зақымданған бөліктерінде. Нерв жасушаларына қатысты глутаматтың уытты әсерін азайтады.

Фолий қышқылы (В9 дәрумені) мидың дұрыс қызметі үшін шешуші мәні бар және психикалық-эмоционалдық денсаулықта маңызды роль атқарады. Ол ДНҚ және РНҚ, организмнің генетикалық материалының өндірісінде қатысады. Сондай-ақ, фолий қышқылы амин қышқылдарының, миелиннің синтезінде және допамин, эпинефрин, норадреналин және серотонин нейротрансмиттерлерінің синтезінде қатысады. В6 және В12 дәрумендерімен бірге гомоцистеин амин қышқылының қандағы деңгейін бақылауды іске асырады.

Холин – ми жасушаларының және нервтердің миелиндік қабықшаларының негізгі компоненттерінің бірі. Қозу және нерв импульстерін беру қызметінде қатысады. Нерв-бұлшық ет сигналдарының берілісін жақсартады, импульстердің нерв талшықтары бойынша берілу жылдамдығын арттырады.

Маңызды қосымша ақпарат

Нерв талшықтарының тұтастығы және қызметінің саулығы – қозғалыс белсенділігінің негізі.

Әдетте, медицинада нерв жүйесі екі түрге бөлінеді – орталық және шеткері. Ми мен жұлын – орталық нерв жүйесіне, ал барлық нервтері мен нерв ұштары шеткері нерв жүйесіне жатады. Нервтердегі В тобы дәрумендерінің тапшылығында немесе олардың механикалық жарақаттануында орын алатын алмасу үрдістерінің зақымдануында жағымсыз немесе ауырсынатын сезіну пайда болуы мүмкін. Мысалы, омыртқаның мойын және бел бөліктеріндегі кері бұзылысты үрдістерде омыртқа аралық дискінің жарығымен немесе сүйек өсіндісімен нерв түбіртектерінің басылуы немесе қысылуы мойын, арқа немесе қол-аяқтағы жағымсыз сезінумен көрініс беруі мүмкін.

Адам организмінің жаратылысына сай зақымданған тіндердің, оның ішінде, шеткері нервтердің өздігінен қалпына келуі тән. Бірақ, мұндай қалпына келу үшін көп уақыт қажет. Организмге белгілі бір заттердің (В тобы дәрумендері, нуклеотидтер) қосымша түсуі қалпына келу үрдісін үдетуі мүмкін және жағымсыз сезінуді тезірек жоюға ықпал етеді.

Нейроурин компоненттері ықпал етеді:

- **Зақымданған нерв талшықтарында қалпына келу үрдістерін жақсартуға**
- **Нерв өткізгіштігін жақсартуға**
- **Омыртқаның мойын, кеуде және бел бөліктерінде бұлшық ет жайсыздығын азайтуға**
- **Қозғалыс белсенділігін арттыруға**
- **Ми тінінде және шеткері нервтерде метаболикалық үрдістерді жақсартуға**
- **Нерв жүйесін нығайтуға және организмнің жалпы жағдайын жақсартуға**
- **Күйзеліс серпінін азайтуға**
- **Мидың танымдық қызметін жақсартуға (есте сақтау, назар қою).**

Қолдану аясы: Нейроурин тағамға биологиялық қоспасы В1, В6, В12 дәрумендерінің, фолий қышқылының, холиннің қосымша көзі ретінде ұсынылады, құрамында уридинмонофосфат бар.

Қолдану бойынша ұсыныстар: ересектерге күніне 1 капсуладан, соңынан судың жеткілікті мөлшерін

ішуден қабылдау қажет. Қабылдау ұзақтығы – 2-3 апта. Қажет болса, қабылдауды бір айдан кейін қайталауға болады.

Ұсынылатын қабылдау (1 капсула) құрамында:	1 капсуладағы мөлшері
Уридинмонофосфат, мг	150
Холин, мг	82,5
В6 дәрумені, мг	4
В1 дәрумені, мг	2,5
Фолий қышқылы, мкг	400
В12 дәрумені, мкг	3

Құрамы: DL-холин битартраты, уридин-5-монофосфат, желатин, микрокристалдық целлюлоза (тасымалдаушы), В6 дәрумені (пиридоксин гидрохлориді), стеарин қышқылының магнийлі тұздары (нығыздалуға қарсы бөлік), В1 дәрумені (тиамин гидрохлориді), кремний диоксиді (нығыздалуға қарсы бөлік), титан диоксиді (баяғыш), фолий қышқылы, В12 дәрумені (цианокобаламин), темір оксиді сары (баяғыш), темір оксиді қызыл (баяғыш).

Қарсы көрсетімдері: құрамбөліктерін жеке көтере алмау, жүктілік, бала емізу кезеңі. Қолдану алдында дәрігермен кеңесу қажет.

Жарамдылық мерзімі: 3 жыл

Сақтау шарттары: 15 °С-тан 25 °С-қа дейінгі температурада, ауаның ылғалдылығы 75% –дан аспайтын, балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау қажет.

Тарату шарттары: дәріханалар жүйесі, сауда жүйесінің арнайы дүкендері, бөлімдері арқылы таратуға арналған.

Шығарылу түрі: салмағы 547 мг капсулалар, 10 капсуладан блистерде, 1, 2, 4, 6 немесе 8 блистерден картон пачкеде; 30, 60, 90 немесе 120 капсуладан құтыда, бір құтыдан картон пачкеде.

Тағамға биологиялық белсенді қоспа.

Дәрінің қатарына жатпайды.

Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік №: RU.77.99.11.003.E.005816.12.18

Берілген күні: 25.12.2018 ж.

Өндіруші: «Грокам ГБЛ сп. з.о.о», 39-300, Мелец қ., Пржемыслава көшесі, 10, Польша тобы «Мастер Фарм С.А.», 91-203 Лодзь, Версальская көшесі, 8, Польша «Юнифарм Лабораториз Лимитед» үшін, 38/39 Фицвиллям Сквер Вест, Дублин 2, D02 NX53, Ирландия

Түтынушылардың шағым-талаптарын қабылдауға өкілетті ұйым: «Юнифарм, Инк.» (АҚШ) корпорациясының ҚР-дағы өкілдігі; Алматы қ., Наурызбай батыр көшесі, 17, 106-кеңсе; тел. +7 (727) 244-50-04, info@unipharm.kz

